

Жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушының жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, сатып алған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілген қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін жасау және ұсыну нысандары мен қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 538 және Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 330 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2015 жылды 26 маусымда № 11453 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 344 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 22 мамырдағы № 199 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 18.05.2018 № 344 және ҚР Энергетика министрінің 22.05.2018 № 199 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 22) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың жылдық бағдарламасының нысаны;
 - 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың орта мерзімді бағдарламасының нысаны;
 - 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың ұзақ мерзімді бағдарламасының нысаны;
 - 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы есебінің нысаны;
 - 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайданалушылардың кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есеп нысаны;
 - 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алушың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, жер

қойнауын пайдаланушылардың сатып алғынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін жасау және ұсыну қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан
Инвестициялар
министрі

Республикасының
және
даму
Казақстан
Энергетика

Республикасының
министрі

Ә. Исекешев

В. Школьник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі

Т. Дүйсенова

2015 жылғы 22 мамыр

министрін
2015 жылғы 30 сәуірдегі № 330
бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Нысан

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасын құрастыру

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі	Сатып алынатын заттың коды	ӨСЖ бойынша ТЖҚ коды	Сатып алынатын ТЖҚ атауы мен қысқаша (қосымша) сипаттамасы	Өлшем бірлігі
1	2	3	4	5
			Тауарлар	
			Жұмыстар	
			Қызметтер	

kesteneң жалғасы

Заттай түрінде сатып алуға жоспарланған мөлшер	КҚС есепке алмағанда, сатып алуға жоспарланған сомасы, мың теңге	Сатып алуша тәсілі	Сатып алуды өткізу орны	Сатып алуды өткізу мерзімі	Жеткізу мерзімі
6	7	8	9	10	11

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТЖҚ - тауарлар, жұмыстар мен қызметтер

ӨСЖ - өнімнің статистикалық жіктеуіші

КҚС - қосылған құн салығы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 538 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 330 бірлескен бұйрығына 2-қосымша

Нысан

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімді бағдарламасын құрастыру

Сатып алынатын	ӨСЖ бойынша

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі	заттың коды	Т ЖК коды	Сатып алынатын ТЖК атауы мен қыскаша (көсімшаш) сипаттамасы
1	2	3	4
			Тауарлар
			Жұмыстар
			Қызметтер

кестенің жалғасы

Өлшем бірлігі	Заттай түрінде сатып алуға жоспарланған мөлшер	ҚҚС есепке алмағанда, сатып алуға жоспарланған сомасы, мың теңге	Сатып алу тәсілі	Сатып ауды өткізу мерзімі
5	6	7	8	9

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТЖК - тауарлар, жұмыстар мен қызметтер

ӨСЖ - өнімнің статистикалық жіктеуіші

ҚҚС - қосылған құн салығы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 538 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 330 бірлескен бұйрығына
3-көсімшаш

Нысан

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың үзақ мерзімді бағдарламасын құрастыру

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуғе арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі	Сатып алынатын заттың коды	Ө С Ж бойынша Т ЖК коды	Сатып алынатын ТЖК атауы мен қыскаша (көсімшаш) сипаттамасы
1	2	3	4
			Тауарлар
			Жұмыстар
			Қызметтер

кестенің жалғасы

Өлшем бірлігі	Заттай түрінде сатып алуға жоспарланған мөлшер	ҚҚС есепке алмағанда, сатып алуға жоспарланған сомасы, мың теңге	Сатып ауды өткізу мерзімі
5	6	7	8

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТЖК - тауарлар, жұмыстар мен қызметтер

ӨСЖ - өнімнің статистикалық жіктеуіші

ҚҚС - қосылған құн салығы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар

және даму министрінің

2015 жылғы 30 сәуірдегі № 538 және

Қазақстан Республикасы Энергетика

министрінің

2015 жылғы 30 сәуірдегі № 330

бірлескен бұйрығына

4-қосымша

Нысан

Жер қойнауын пайдаланушылар сатып алған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы есебін құрастыру

1-кесте

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі	Сатып альнатын заттың коды	Сатып алу коды	Сатып алу тәсілі	Сатып алушының қорытындысын шығару күні (күн, ай, жыл)	Шарт №	Шарт жасасқан күні (күн, ай, жыл)	Шарт колдануының аяқталу күні (күн, ай, жыл)	Шарт мәртебесі	ҚҚС есепке алмағанда, шарттың жалпы сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

ҚҚС есепке алмағанда, шарт бойынша жеткізуінің үйимдық-құқықтық нысаны	ТЖК-ны жеткізуінің үйимдық-құқықтық нысаны	Жеткізуінің заңды тіркелген елді мекені	Жеткізуінің заңды тіркелген елді мекені	Жеткізуінің заңды тіркелген елді мекені			
11	12	13	14	15	16	17	18

кестенің жалғасы

Жеткізушінің нақты орналаскан мекен жайы	Жеткізушінің электрондық мекен жайы	Жеткізушінің веб-сайты	Жеткізушінің байланыс телефоны	Жеткізуші қызметкерлерінің саны	
				Жеткізуші қызметкерлерінің жалпы саны	Жеткізуші қызметкерлерінен - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны
20	21	22	23	24	25

Жер қойнауының пайдаланушылар сатып алған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы есебін құрастыру

2-кесте

Шарт №	Сатып алу коды	ӨСЖ бойынша ТЖК коды	Сатып алынатын ТЖК атаяу мен қысқаша (қосымша) сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Заттай түрінде сатып алуға жоспарланған мөлшер	ҚҚС есепке алмаганда, сатып алу мөлшерінің құндық тұлғалануы, мың тенге	СТ - K Z сертификаты берілген тауар өндірушінің БСН/ЖСН
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

СТ - K Z сертификатының №	СТ - K Z сертификатының сериясы	СТ - K Z сертификатының беретін органның коды	Күн, ай, жыл СТ - K Z сертификатының берілген күні	СТ - K Z сертификатында көрсетілген тауардағы жергілікті қамту, %	Жұмыстардағы (қызметтердегі) жергілікті қамту, %
9	10	11	12	13	14

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТЖК - тауарлар, жұмыстар мен қызметтер

ӨСЖ - өнімнің статистикалық жіктеуіші

ҚҚС - қосылған құн салығы

БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі

ЖСЖ - жылдық сатып алу жоспары

Қазақстан Республикасы Инвестициялар

және даму министрінің

2015 жылғы 30 сәуірдегі № 538 және

Қазақстан Республикасы Энергетика

министрінің

2015 жылғы 30 сәуірдегі № 330

Нысан

Жер қойнауын пайдаланушылардың кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есебін құрастыру

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі	Келісімшарт шенберінде қамтылған қызметкерлердің жалпы саны	Келісімшарт шенберінде қамтылған қызметкерлердің - Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны	Келісімшарт шенберінде қамтылған қызметкерлер саны, 1-санат - жоғары және орта кәсіби білімі бар мамандар, оның ішінде:		Келісімшарт шенберінде қамтылған қызметкерлер - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны		Келісімшарт шенберінде қамтылған қызметкерлер - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 538 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 330 бірлескен бұйрығына 6-қосымша

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін жасау және ұсыну қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін жасау және ұсыну қағидалары (бұдан әрі — Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заны (бұдан әрі - Зан) 19-бабының 22) тармақшасына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен

қызметтерді сатып алушың жылдық, орта мерзімді, ұзак мерзімді бағдарламаларын, сатып алған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін жасаудың және ұсынудың тәртібін айқындаиды.

2. Осы Қағидаларда Занда белгіленген ұғымдар және анықтамалар, сондай-ақ мынадай ұғым қолданылады:

электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиыны.

2. Тауарларды, жұмыстарды мен қызметтерді сатып алушың жылдық, орта мерзімді, ұзак мерзімді бағдарламаларын, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін жасау тәртібі 1-параграф. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың жылдық бағдарламасы

3. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың жылдық бағдарламасы (1-Қосымша) әрбір тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызметтер жолма-жол, жеке мынадай тәртіpte толтырылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді алдағы жылға жоспарланатын сатып алу туралы ақпаратпен тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың жылдық бағдарламасының нысанын толтыру арқылы жүзеге асырылады:

1-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда осы Қағидаларға 1-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес Сатып алу мәнінің жіктеуішіне сәйкес сатып алу мәнінің коды көрсетіледі;

3-бағанда Өнімнің (тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің) статистикалық модельдік жіктеуішісіне сәйкес 10 символ деңгейінде тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің коды көрсетіледі;

4-бағанда сатып алғанатын тауардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің (техникалық жағдайлары, қасиеті және сипаттамасы) атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы көрсетіледі;

5-бағанда Мемлекетаралық өлшем бірлігі мен есеп жіктеуішіне сәйкес тауарлардың өлшем бірлігі көрсетіледі. Жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

6-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес заттай көрінісіндегі тауардың жоспарланған сатып алу мөлшері көрсетіледі. Жұмыстар, қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

7-бағанда қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) есептеусіз мың теңгеде (жүздік улесімен бөлшектік саны) құндық көрінісінде тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алудың жоспарланған сомасы көрсетіледі;

8-бағанда Сатып алу тәсілінің жіктеуішіне сәйкес тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәсілі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетіледі:

Сатып алу тәсіл жіктеуішінің 1-кестесіне сәйкес Занға сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

Сатып алу тәсіл жіктеуішінің 2-кестесіне сәйкес "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі - Мемлекеттік сатып алу туралы заңы) сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

Сатып алу тәсіл жіктеуішінің 3-кестесіне сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайзызы тікелей немесе жанама ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар.

9-бағанда Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне сәйкес тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу орны көрсетіледі;

10-бағанда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Уақытша кезеңдердің жіктеуішіне сәйкес тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізудің мерзімі көрсетіледі;

11-бағанда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Уақытша кезеңдердің жіктеуішіне сәйкес тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізудің мерзімі көрсетіледі.

2-параграф. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімді бағдарламасы

4. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімді бағдарламасын жасау (2- Қосымша) әрбір тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет бойынша жеке жолма-жол мынадай тәртіппен толтырылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді үш жылға

дайындағанда жоспарланатын сатып алу туралы ақпаратпен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімді бағдарламасының нысанын толтыру арқылы жүзеге асырылады:

1-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда осы Қағидаларға 1-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес сатып алу мәнінің жіктеуішіне сәйкес сатып алу мәнінің коды көрсетіледі;

3-бағанда Өнімнің (тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің) статистикалық модельдік жіктеуішіне сәйкес 10 символдың деңгейінде тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің коды көрсетіледі;

4-бағанда сатып алынатын тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамалары) көрсетіледі;

5-бағанда Мемлекетаралық өлшем бірлігі мен есеп жіктеуішіне сәйкес тауардың өлшем бірлігі көрсетіледі. Жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

6-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес заттай көрінісіндегі тауардың жоспарланатын сатып алу мөлшері көрсетіледі. Жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

7-бағанда ҚҚС есептеусіз мың теңгеде (жұздік үлесімен бөлшектік сан) құндық көрінісінде тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жоспарланатын сомасы көрсетіледі;

8-бағанда Сатып алу тәсілінің 1-кестесіне сәйкес тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәсілі осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес көрсетіледі:

Сатып алу тәсіл жіктеуішінің 1-кестесіне сәйкес Занға сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

Сатып алу тәсіл жіктеуішінің 2-кестесіне сәйкес Мемлекеттік сатып алу туралы заңы сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

Сатып алу тәсіл жіктеуішінің 3-кестесіне сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайзызы тікелей немесе жанама ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар;

9-бағанда осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес Уақыт кезеңдерінің жіктеуішіге сәйкес тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізудің жоспарланатын жылы көрсетіледі.

3-параграф. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың ұзақ мерзімді бағдарламасы

5. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың ұзақ мерзімді бағдарламасын жасау (3- Қосымша) әрбір тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет бойынша жеке жолма-жол мынадай тәртіппен толтырылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді он жылға дейінгі кезеңге жоспарланатын сатып алу туралы ақпаратпен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың ұзақ мерзімді бағдарламасының нысанын толтыру арқылы жүзеге асырылады:

1-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда осы Қағидаларға 1-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес сатып алу мәнінің жіктеуішіне сәйкес сатып алу мәнінің коды көрсетіледі;

3-бағанда Өнімнің (тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің) статистикалық модельдік жіктеуішіне сәйкес 10 символ деңгейінде тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің коды көрсетіледі;

4-бағанда сатып алынатын тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтердің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамалары) көрсетіледі;

5-бағанда Мемлекетаралық өлшем бірлігі мен есеп жіктеуішіне сәйкес тауардың өлшем бірлігі көрсетіледі. Жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

6-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес заттай көрінісіндегі тауардың жоспарланатын сатып алу мөлшері көрсетіледі. Жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

7-бағанда ҚКС-ны есептеусіз мың теңгеде (жұздік үлесімен бөлшектік сан) құндық көрінісінде тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алушың жоспарланатын сомасы көрсетіледі;

8-бағанда осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес Уақыт кезеңдерінің жіктеуішіге сәйкес тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алушы жүргізудің жоспарланатын жылы көрсетіледі.

4-параграф. Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алынған тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер туралы есептері

6. Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы есебі жер қойнауын пайдаланушылардың есепті кезең үшін әрбір жасалған шарт туралы ақпаратпен сатып алынған

тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер (4-Қосымша, 1-кесте) туралы есебінің нысанын мынадай тәртіппен жолма-жол толтыру арқылы жүзеге асырылады:

1-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда осы Қағидаларға 1-қосымшаның 2-кестесіне сай сатып алу мәнінің жіктеуішіне сәйкес сатып алу мәнінің коды көрсетіледі;

3-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімімен берілген сатып алу коды көрсетіледі. Осы бағанды:

кең таралған пайдалы қазбалар жөнінде операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар;

Мемлекеттік сатып алу туралы заңға сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған жер қойнауын пайдаланушылар;

жер қойнауын пайдалану құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар толтырмайды;

4-бағанда осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес Сатып алу тәсілінің жіктеуішіне сәйкес тауарларды, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәсілі көрсетіледі;

Сатып алу тәсіл жіктеуішінің 1-кестесіне сай Заңға сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алған жер қойнауын пайдаланушылар;

Сатып алу тәсіл жіктеуішінің 2-кестесіне сәйкес Мемлекеттік сатып алу туралы заңға сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алған жер қойнауын пайдаланушылар;

Сатып алу тәсіл жіктеуішінің 3-кестесіне сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар;

5-бағанда сатып алудың қорытындысын шығару күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

6-бағанда шенберінде тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет сатып алған шарттың № көрсетіледі;

7-бағанда шарттың жасалған күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

8-бағанда шарт қолданысының аяқталу күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

9-бағанда осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-кестесіне сай Шарттар мәртебелерінің жіктеуішіне сәйкес шарт мәртебесі көрсетіледі;

10-бағанда ҚҚС-ны есептеусіз шарт сомасы мың теңгеде (жұздік үлесімен бөлшектік сан) көрсетіледі;

11-бағанда шарт шенберінде сатып алынған тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жылдық сатып алу бағдарламасында жоспарланған ҚҚС-ны есептеусіз жалпы сатып алу сомасы мың теңгеде (жұздік үлесімен бөлшектік саны) көрсетіледі;

12-бағанда ҚҚС-ны есептеусіз шарт бойынша есепті кезең үшін нақты төленген сомасы мың теңгеде (жұздік үлесімен бөлшектік сан) көрсетіледі;

13-бағанда Ұйымдастырушылық-құқықтық шаруашылық жүргізу нысандарының жіктеуішіне сәйкес тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер жеткізушісінің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанының коды көрсетіледі. Егер жеткізуши Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, баған толтырылмайды;

14-бағанда елдің Мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес өнім беруші елі көрсетіледі. Егер өнім беруші жеткізуши Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда, Қазақстан Республикасының коды көрсетіледі;

15-бағанда жеткізушінің атауы көрсетіледі. Егер өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылған жағдайда, заңды тұлғаның (заңды тұлғалар үшін) тіркеу анықтамаға сәйкес және жеке кәсіпкерді (жеке тұлғалар үшін) тіркеу туралы куәлігіне сәйкес атауы көрсетіледі;

16-бағанда өнім берушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі. Егер өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, баған толтырылмайды;

17-бағанда өнім берушінің әкімшілік-аумақтық обьектілердің жіктеуішіне сәйкес өнім берушінің заңды тіркеу елді мекені көрсетіледі. Егер өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, баған толтырылмайды;

18-бағанда өнім берушінің заңды тіркеу мекен жайы: елді мекені, көшесі, үйі, офисі көрсетіледі;

19-бағанда өнім берушінің әкімшілік-аумақтық обьектілердің жіктеуішіне сәйкес жеткізушінің нақты орналасқан елді мекенінің коды көрсетіледі. Егер өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, баған толтырылмайды;

20-бағанда өнім берушінің нақты орналасқан мекен жайы: елді мекені, көшесі, үйі, офисі көрсетіледі;

21-бағанда өнім берушінің электрондық мекенжайы көрсетіледі;

22-бағанда өнім берушінің веб-сайты (болған жағдайда) көрсетіледі;

23-бағанда өнім берушінің байланыс телефоны, факсы көрсетіледі;

24-бағанда өнім беруші қызметкерлерінің жалпы саны көрсетіледі. Егер өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған жағдайда, баған толтырылмайды;

25-бағанда өнім беруші қызметкерлерінің - Қазақстан Республикасы азаматтарының саны көрсетіледі. Егер өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда, баған толтырылмайды.

7. Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы есебі жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы есеп нысанының (4-Қосымша, 2-кесте) әр жолына есепті кезеңдегі ақпаратты толтыру арқылы бір шарттың шенберінде сатып алғнатын (сатып алған) әрбір тауар (жұмыс немесе қызмет) бойынша бөлек-бөлек мынадай тәртіппен жасалады:

1-бағанда шенберінде тауар, жұмыс немесе қызметтер сатып алған шарттың нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және олардың өндірушілердің тізілімімен берілген сатып алу коды көрсетіледі. Бұл бағанды:

кең таралған пайдалы қазбалар жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар;

Мемлекеттік сатып алу туралы заңға сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алатын жер қойнауын пайдаланушылар;

жер қойнауын пайдаланудың құқығына ие, акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің) елу және одан көп пайзызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар толтырмайды ;

3-бағанда осы шарттың шенберінде сатып алғнатын Өнімнің (тауарлар мен қызметтердің) модельдік статистикалық жіктеуішіне сәйкес тауардың, жұмыстың немесе қызметтің 10 символ деңгейіндегі коды көрсетіледі;

4-бағанда сатып алған тауардың немесе жұмыстың немесе қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттары, қасиеттері және сипаттамалары) көрсетіледі;

5-бағанда Мемлекетаралық жіктеуішіне сәйкес өлшем бірлігі көрсетіледі. Жұмыстар, қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

6-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес тауардың заттай мағынадағы сатып алу мөлшері көрсетіледі. Жұмыстар және қызметтер бойынша баған толтырылмайды;

7-бағанда ҚҚС-ны есептеусіз сатып алудың құндық мәндегі көлемі мың теңгеде (жұздік үлесімен бөлшектік сан) көрсетіледі;

8-бағанда "СТ-KZ" нысанында тауардың шығу тегі туралы сертификат берілген тауарды өндірушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі. Жергілікті жерде шығарылған тауарлар үшін баған толтырылуға міндетті;

9-бағанда "СТ-KZ" нысанында тауардың шығу тегі туралы сертификаттың нөмірі көрсетіледі. Жергілікті жерде шығарылған тауарлар үшін баған толтырылуға міндетті;

10-бағанда "СТ-KZ" нысанында тауардың шығу тегі туралы сертификаттың сериясы көрсетіледі. Жергілікті жерде шығарылған тауарлар үшін баған толтырылуға міндетті;

11-бағанда "СТ-KZ" нысанында тауардың шығу тегі туралы сертификатты берген органның коды көрсетіледі. Жергілікті жерде шығарылған тауарлар үшін баған толтырылуға міндетті;

12-бағанда "СТ-KZ" нысанында тауардың шығу тегі туралы сертификаттың берілген күні көрсетіледі. Жергілікті жерде шығарылған тауарлар үшін баған толтырылуға міндетті;

13-бағанда "СТ-KZ" нысанында тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген тауардағы жергілікті қамту көрсетіледі, пайыз. Жергілікті жерде - шығарылған тауарлар үшін баған толтырылуға міндетті;

14-бағанда қосалқы мердігерліктің барлық деңгейлерін, сондай-ақ осы жұмысты (қызметті) орындау үшін сатып алынған барлық тауарларды ескере отырып, 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 87 Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10711 болып тіркелген) бекітілген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуы кезінде жергілікті қамтуды есептеудің бірынғай әдістемесіне сәйкес жұмыстардағы (қызметтегі) жергілікті қамту көрсетіледі, пайызбен (жұздік үлесіне дейін).

5-параграф. Жер қойнауын пайдаланушылардың кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есебі

8. Жер қойнауын пайдаланушылардың кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есебі жер қойнауын пайдаланушылардың кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп нысанына (бұдан әрі - 5-нысан) ақпарат толтыру арқылы мынадай тәртіппен жасалады:

1-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшартты мемлекеттік тіркеу актісінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарт шеңберінде қамтылған қызметкерлердің жалпы саны көрсетіледі;

3-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарт шеңберінде қамтылған қызметкерлер - Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны көрсетіледі;

4-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарт шеңберінде қамтылған басшылық құрам – бірінші санат қызметкерлерінің жалпы саны көрсетіледі;

5-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарт шеңберінде қамтылған басшылық құрам - бірінші санат қызметкерлерінің - Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны көрсетіледі;

6-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарт шеңберінде қамтылған жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар - екінші санат қызметкерлерінің жалпы саны көрсетіледі;

7-бағанда жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізуге арналған келісімшарт шеңберінде қамтылған жоғары және орта кәсіптік білімі бар мамандар - екінші санат - қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны көрсетіледі;

8-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарт шеңберінде қамтылған қызметкерлер - үшінші санат кәсіби жұмысшыларының жалпы саны көрсетіледі;

9-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарт шеңберінде қамтылған қызметкерлер - үшінші санат кәсіби жұмысшыларының - Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны көрсетіледі.

3. Қатты пайдалы қазбаларға (уранды және көмірді қоспағанда), жерасты суларына және емдік балшықтарға арналған келісімшарттар бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алғынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін ұсыну тәртібі

9. Жер қойнауын пайдалануши, жыл сайын жылдық сатып алу жүргізу үшін жоспарланған 1 ақпаннан кешіктірмей қатты пайдалы қазбаларға (уранды және көмірді қоспағанда), жерасты суларына және емдік балшықтарға арналған

келісімшарт тіркелген күнінен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей, 1-Қосымшаға сәйкес EXCEL форматында электрондық түрде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізіліміне орналастыру жолымен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасын "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысымен анықталған құзыретті органға (бұдан әрі – Қатты пайдалы қазбалар (уранды және көмірді қоспағанда), жерасты сулар және емдік балшықтар бойынша құзыретті орган) ұсынады және оны бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

Жер қойнауын пайдаланушы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу кезінде 1-Қосымшаға сәйкес EXCEL форматында электрондық түрде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді және оларды өндірушілер тізіліміне орналастыру жолымен осы өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты бес жұмыс күні ішінде Қатты пайдалы қазбалар (уранды және көмірді қоспағанда), жерасты сулар және емдік балшықтар бойынша құзыретті органға ұсынады және оны бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

10. Жер қойнауын пайдаланушы, жыл сайын 1 ақпаннан кешіктірмей қатты пайдалы қазбаларға (уранды және көмірді қоспағанда), жерасты суларына және емдік балшықтарға арналған келісімшарт тіркелген күнінен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей, 2, 3-Қосымшаларға сәйкес EXCEL форматында электрондық түрде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізіліміне орналастыру жолымен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламаларын Қатты пайдалы қазбалар (уранды және көмірді қоспағанда), жерасты сулар және емдік балшықтар бойынша құзыретті органға ұсынады және оны бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

11. Жер қойнауын пайдаланушы, тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей, 4-Қосымшаға сәйкес (1-кесте және 2-кесте) EXCEL форматында электрондық түрде, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізіліміне орналастыру

жолымен сатып алған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы Қатты пайдалы қазбалар (уранды және көмірді қоспағанда), жерасты сулар және емдік балшықтар бойынша құзыретті органға есеп береді және оны бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен күәландырады.

12. Жер қойнауын пайдаланушы, тоқсан сайын және жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей, 5-Қосымшаға сәйкес экрандық нысанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізіліміне орналастыру жолымен кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі міндеттемелерді орындау туралы есепті Қатты пайдалы қазбалар (уранды және көмірді қоспағанда), жерасты сулар және емдік балшықтар бойынша құзыретті органға ұсынады және оны бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен күәландырады.

4. Көмірсутегі шикізатына, көмір мен уранға келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушыларға арналған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы және кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін ұсыну тәртібі

13. Жер қойнауын пайдаланушы, жыл сайын жылдық сатып алу жүргізу үшін жоспарланған 1 ақпаннан кешіктірмей көмірсутегі шикізатына, көмір мен уранға арналған келісімшарт тіркелген күнінен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей, 1-қосымшаға сәйкес EXCEL форматында электрондық түрде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізіліміне орналастыру жолымен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасын "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен анықталған құзыретті органның (бұдан әрі – Көмірсутегі шикізаты, көмір мен ураны бойынша құзыретті орган) интернет-ресурсында орналастырады және оны бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен күәландырады.

Жер қойнауын пайдаланушы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу кезінде 1-қосымшаға сәйкес EXCEL форматында

электрондық түрде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді және оларды өндірушілер тізіліміне орналастыру жолымен осы өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты бес жұмыс күні ішінде Көмірсутегі шикізаты, көмір мен ураны бойынша құзыретті органның интернет-ресурсында орналастырады және оны бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

14. Жер қойнауын пайдаланушы, жыл сайын жылдық сатып алу жүргізу үшін жоспарланған 1-ақпаннан кешіктірмей көмірсутегі шикізатына, көмір мен уранға арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей, 2, 3-қосымшаларға сәйкес EXCEL форматында электрондық түрде пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер және оларды өндірушілер тізіліміне орналастыру жолымен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушың орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағдарламасын Көмірсутегі шикізаты, көмір мен ураны бойынша құзыретті органның интернет-ресурсында орналастырады және оны бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

15. Жер қойнауын пайдаланушы, тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей, мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның веб-сайтына орналастыру жолымен 4-қосымшага сәйкес (1-кесте және 2-кесте) EXCEL форматында электрондық түрде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы есепті Көмірсутегі шикізаты, көмір мен ураны бойынша құзыретті органның интернет-ресурсында орналастырады және оны бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

16. Жер қойнауын пайдаланушы тоқсан сайын және жыл сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей мұнай және газ саласындағы уәкілетті органның веб-сайтында 5-қосымшага сәйкес экрандық нысанды толтыру жолымен кадрлардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелерін орындау туралы есепті Көмірсутегі шикізаты, көмір мен ураны бойынша құзыретті органның интернет-ресурсында орналастырады және оны бірінші басшының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуының жылдық, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы және кадрлардағы қазақстандық қамту

жөніндегі
міндеттемелердің орындалуы туралы
есептерін
жасаудың және ұсынудың қағидасына
1-қосымша

Шарттардың мәртебе жіктеуіші

1-кесте

Жіктеуіш коды	Атауы
0	Жасалған
1	Орындалған
2	Бұзылған

Сатып алу мәнінің жіктеуіші

2-кесте

Жіктеуіш коды	Атауы
0	Тауар
1	Жұмыс
2	Қызмет

Жер қойнауын пайдаланушылардың
тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін
қызметтерді сатып алуының жылдық,
орта
мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын,
сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен
көрсетілетін қызметтер туралы және
кадрлардағы қазақстандық қамту
жөніндегі
міндеттемелердің орындалуы туралы
есептерін
жасаудың және ұсынудың қағидасына
2-қосымша

Сатып алу тәсілінің жіктеуіші

1-кесте

Жіктеуіш коды	Атауы
101	Ашық конкурс
102	Баға ұсыныстарын сұрату
103	Бір көзден сатып алу
104	Тауарлық биржалар
105	Электрондық сатып алу жүйесі арқылы
112	Заңының нормаларын қолданусыз

2-кесте

Жіктеуіш коды	Атауы
107	Конкурс
102	Бага ұсыныстарын сұрату
103	Бір көзден сатып алу
108	Аукцион
104	Тауарлық биржалар
112	Мемлекеттік сатып алу туралы заңының нормаларын қолданусыз

3-кесте

Жіктеуіш коды	Атауы
101	Ашық тендер
109	Жабық тендер
110	Екі сатылы ашық тендер
111	Екі сатылы жабық тендер
102	Бага ұсыныстарын сұрату
103	Бір көзден сатып алу
108	Электр энергиясымен орталықтандырылған саудалар
104	Тауарлық биржалар
112	Қағидалар нормаларын қолданусызы

Жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушының жылдық, орта

мерзімді, ұзақ мерзімді бағдарламаларын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер туралы және кадрлардағы қазақстандық қамту

жөніндегі міндеттемелердің орындалуы туралы есептерін

жасаудың және ұсынудың қағидасына

3-қосымша

Уақыт кезеңдерінің жіктеуіші

Жіктеуіш коды	Атауы
QAN1	1-тоқсан
QAN2	2-тоқсан
QAN3	3-тоқсан
QAN4	4-тоқсан
SAN1	1-жартыжылдық (1-2 тоқсан)
SAN2	2-жартыжылдық (3-4 тоқсан)
ANNgg	Жыл*

Ескертпе: * жылды белгілеу кезінде ANN префиксі және жылдың соңғы екі саны қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК